

Қорыта келе айтайын дегеніміз XVI-XVII ғасырларда қазақтардың Орта Азия халықтарымен экономикалық және мәдени байланыстарының дамуы Қазақстанда ислам дінінің жеделдете таралып, ықпалы күшеюіне себепші болады. Өз кезегінде қазақ көпестері мұсылман елдеріне барып, ислам діні іліміне тартылды. Кейде қарап отырған осы қазақтың әр мәдениеті осы ислам дінімен ұштасып, сол заңдармен жасалған сияқты болады. Яғни ислам дінінің қазақтарға ықпалы көп болды. Қазақта ата-ана өз балаларына ұят болады жасама деп ескертіп айтқан ісінің өзі ислам дінімен ұштасып тұрады. Жазбаша деректемелерден келтірген сансыз мысалдар қазақтардың ислам дініне жаппай қосылғанын дәлелдейді. Бұл кезеңде қазақтар құран оқып, намазға жығылған, ораза ұстап, неке қиюдың мұсылмандық ғұрпын жасаған, өз балаларын мұсылман мектептерінде оқытқан. Намаз кез келген жерде оқыла беретін болды, ал халық көпшілігінің құран мен араб тіліндегі кітаптарға қол жеткізе алмағандықтан қазақтар молданың әрбір сөзін айнытпай қайталап, оның басшылығымен діни ғұрыптарды орындап отырды, ислам діні ілімінің заңдарын жаттап алды. Осының барлығы ислам дінінің таралуымен байланысты болды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Halperin ch. J. Russia and the Golden Horde. The Moncol impact in medieval Russian history. London, 1987.
2. Валиханов Ч.Ч. Собрание соч. Т. I. - Алматы, 1984.
3. Нуртазина Н.Д. Ислам в истории средневекового Казахстана. - Алматы, 2000.
4. Муминов А.К. Ханафитский мазхаб в истории Центральной Азии. - Алматы, 2015.
5. Қинаятұлы З. Қазақ мемлекеті және Жошы хан. - Алматы, 2014. -360 б.
6. Тизенгаузен В.Г. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. Т. I. СПб., 1884.
7. Закиров С. Дипломатические взаимоотношения Золотой Орды с Египтом. - М., 1966. - С. 19.
8. Егоров В.Л. Развитие центробежных устремлений Золотой Орде // ВИ. - 1974. - № 7. - С. 39.
9. Из описания путешествий Ибн Баттуты //История Казахстана в арабских источниках. - Т.І.: Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. Извлечения из арабских сочинений, собранные В.Г.Тизенгаузеном, переработанное и дополненное издание. -Алматы: Дайк-Пресс, 2005. - С. 217-237.
10. Тизенгаузен В.Г. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. Т. I. -СПб., 1884.
11. Грязневич П.А. Ислам и государство (к истории государственно-политической идеологии раннего ислама) // Ислам. Религия, общество, государство. - М., 1984. - С. 192.
12. Пиотровский М.Б. Светское и духовное в теории и практике средневекового ислама // Ислам. Религия, общество, государство. - М., 1984. - С. 182.
13. Усманов М.А. Жалованные грамоты Джучиева Улуса в XIV-XVI веках. – Казань, 1979.
14. Ибрагимов Н. Ибн Баттута и его путешествия по Средней Азии. - М., 1988. – С. 65.
15. Толеубаев А.Т. Реликты доисламских верований в семейной обрядности казахов (XIV - начало XX вв.). - Алматы: «Ғылым», 1991.

Шоқан Уәлиханов еңбектеріндегі тарихи-таным және деректану мәселелері

Жаппарова М.Н., Қасымжанова Ж. Е.

Ғылыми жетекшісі: г.ғ.м., аға оқытушы Тулегенова А.Ж.

Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Шоқан Уәлиханов 30 жыл өмір сүрсе де, қазақ халқының жадында, тарихында ерекше орын алады. Ол қазақ елінің тарихы мен мәдениетін зерттеп, көшпелі тайпалардың өмірі мен

шаруашылығы, қоғамдық қатынастары жайлы құнды мәліметтерді жинақтап, жария етті, өз еңбектерін жазып қалдырды.

Ел қатарлы өмір сүрсе де, ел үшін атқарған еңбегі ұшан-теңіз тұлғаларымызды көнекөз қариялар болмаса, бүгінгі жас ұрпақ есіне көп ала бермейтіні ақиқат нәрсе. Сондықтан да, осындай тарихи тұлғаларымыздың есімін ардақтап, барша жұртқа жария ету, насихаттап, үлгі тұтып, ұлықтау – біздің басты парызымыз. Осы орайда бүгінгі мақсатымыз – сан-салалы ғылым-білімнен мейлінше мол сусындаған, жан-жақты білімді, озық ойлы дарынды да дара тұлға Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың өмір жолына тоқтала отырып, оның ғылыми-зерттеушілік қызметін, отандық тарих үшін зерттеу еңбектерінің деректік маңызын ашып көрсету. Шоқан - Шығыстың жарық жұлдызы, оның өмір жолы аққан жұлдыздай өте шықса да, еңбектері мәңгілік өшпес мұра.

Қазақ халқының аса көрнекті ғалымы, тарихшы, лингвист, этнограф, әрі ағартушы-демократ Шоқан Уәлиханов - Қостанай облысы, Жетіөзен ауданы, Құсмұрын шатқалында дүниеге келген. Шоқанның азан шақырып, Қалқан ишанның қойған есімі – Мұхаммед-Ханафия. Алайда анасы Зейнептің оған тілі келмей, «Қанаш» деп, ал ел-жұрт «Шоқан» деп атап кетеді. Шоқан Уәлиханов - Қазақ ордасын билеген, аты тарих сахнасында белгілі Шыңғысханның ұрпағы. Әкесі Шыңғыс та Аманқарағай округінің аға сұлтаны қызметін атқарған.

Шоқан жас кезінен басқа балалардан өзінің қабілеттілігімен және зеректілігімен ерекшеленген. Тіпті бес жасынан мұсылманша хат танып, жаза білген. Шоқан бастауыш білімді Күнтимес ауылындағы мектептен алып, әкесінің іс-қағаз жұмыстарына да қолғабыс еткен. Тек хат танып қана қоймай, көне шағатай тіліндегі дүниелерді тану, арабша, парсыша оқуды да меңгереді. 1847 жылы күзде 12 жастағы бозбала Шоқанды әкесі Омбыдағы кадет корпусына оқуға жібереді. Шоқанның рухани өсуіне және білім-ғылымға деген құштарлығын кеңейтуге орыс тілі мен әдебиетінің мұғалімі, қазақ, араб, парсы тілдерін білетін шығыстанушы Н.Костылецкий, өркениет тарихы пәнінен сабақ берген айдаудағы поляк оқымыстысы Г.Гонсевский, тарихшы А.Сулоцкий, географ Е.Старков сияқты тұлғалар өздерінің елеулі ықпалын тигізді.

1847 жылдан 1853 жылға дейін Шоқан Уәлиханов Омбы қаласындағы кадеттер корпусында оқыды. Оқуда жүріп Шығыс елдерінің жағрапиясын, тарихын зерттеумен айналыса бастайды. 1853 жылы Сібірде әскери қызметте жүріп, 1854 жылы Батыс Сібір генерал-губернаторы Г.Х. Госфорттың адъютанты ретінде қызметін атқарады. 1855 жылы Шоқан Орталық Қазақстан, Жетісу мен Шығыс Қазақстан бойынша жасаған саяхатына қатысады. Экспедиция кезінде ол қазақтар туралы жазған кітабына көп үлесін тигізген қазақ халқының құқығы, салт-санасы, діні, тарихы туралы көптеген құнды материалдар жинады [1, 117 б.].

Шоқан орыстың XIX ғасырдағы озат ойшылдары, революционер демократтары В.Г.Белинский, Н.Г.Чернышевский, А.Н.Добролюбовтардың идеяларынан рухани нәр алды. Ғылым мен прогрестің шыңына көтеріліп, Россия ориенталистерінің қатарынан құрметті орынға ие болып, Қазақстанның шығыстану ғылымын ашып берді, тарих, этнография, география, фольклор сияқты ғылым салаларының дамуына зор үлес қосты.

Шоқан Уәлихановтың ғылыми мақалалары Орыстың географиялық қоғамының “Запискalarında” басылып тұрды. Кейін, бұл қоғам Шоқанның еңбектерін жинастырып, өз алдына кітап етіп бастырып шығарған болатын.

Шоқанның тарих, этнография тақырыбындағы «Жоңғар очерктері», «Қырғыз ата тегі», «Қырғыздар арасындағы шаманизмнің қалдықтары», «Шора батыр», «Тәңір бақсылары туралы» және т.б. шығармаларында қазақ халқының ауызша халық шығармашылығының материалдары пайдаланылды. Ол халық ауыз әдебиеті шығармаларының мазмұнын өмірдегі тарихи шындық ретінде білді және бұл жазуы жоқ көшпелі халықтар мен тайпалар тарихының негізгі көзі деген қорытындыға келді [2, 62 б.].

Бұл ретте автордың “Қазақ шежіресі” деген терең ғылыми мақаласын мысалға келтіруге болады. Шоқан бұл деректерді өзі жинап қана қоймай, сол кездегі қазақ ортасында көзі

ашық, сауатты, белсенді адамдарға аманат қылған. Кейін бұл мұралар Г. Потаниннің еңбектерінде жарияланды.

Тарихи ауызша деректің бірі - шежірелердегі тәңірлік дүниетаным белгілері де айрықша көрінеді. «Көнетүркілік салтты, оның наным-сенім, әдет-ғұрып, той-думан, жол-жоба дәстүрлерін, жыр-өлең сипатында жалғасқан тарихи аңыздарын, әртүрлі уақытта өткен жырау жырларын, салтанат пен әуенге деген құштарлығын, халық әдеті мен билердің шешендік өнері мен билік айту өнегесі сияқты парасат, ақыл-ой мұраларын сақтаушылары деп қазақтарды айту қажет», - деп кезінде Ш. Уәлиханов ескерткен.

Қазақ жылнамаларындағы "қазақ түбі" барлық қазақ тайпаларының ежелгі заманнан бері түркі жұрты болып келгенін, ал оларға генеалогиялық тұрғыдан Қожа, Төлеңгіттер жатпайтынын, қазақ құрамынан тыс жерде аталатынын және кіру топтары болып саналатынын жазған. Мұны Ш.Уәлиханов өзінің мақаласында да көрнекі түрде көрсетті. "Қазақтарда" кірме" деген сөз бар. Ол өз Отанынан, рулық тайпасынан жақсы-жаман себептерден шығып, басқа елге кетіп, сіңісіп кеткен адамдар туралы айтады", - деп шежіре ұғымына анықтама береді.

Қазақ жылнамаларында қазақ хандары туралы деректер жинақталған. XVIII ғасырдың ауызша тарихи дәстүрлерінің шығармаларында қазақ халқының жоңғар басшыларына қарсы ұлт-азаттық күресінің тарихы ерекше сипатталады. Бұл туралы Ш. Уәлиханов: «ата-бабаларымыздың ерлігін жырлайтын ежелгі аңыздар жазуға-сурет салуға берілмегеніне, шежіреші-сақтаушылардың таңданарлық көзқарастарына қарамастан, халық тарихы ұзақ жылдар бойы ауыздан-ауызға беріліп, өлеңдерді, дастандарды, ертегілерді, аңыздарды, әңгімелерді сүю және тыңдау тәртібі жолында өзінің алғашқы түрінде ұрпақтан-ұрпаққа сақталып келді және осы мұраның далалық өлкесінің әрбір түйініне дейін хатта жазылған», - деп жазды.

Жыр дәстүрін атқарған қызметі жағынан шежірелік мұраға жатқызған өте дұрыс. Жыраулар мен жыршылардың әлеуметтік-мәдени қызметі шежіре мен дәстүрлі тарихи сана арқылы жүзеге асырылды. Жиёмбет, Марғасқа, Ақтамберді, Қожаберген, Үмбетей, Бұқар сияқты тарихи дәуірдің шындығын жырлаған жыраулар да болды. Ш.Уәлихановтың айтуынша, қазақтың әрбір ақсақалы өз руының шежіресін біледі. Шоқан жазған шежірелік шығармалардың ең танымалы – «Абылай», «Қырғыз рулары», «Ұлы жүз туралы», «Ұлы жүздің аңыз-әпсаналары», «XVIII ғ. батырлар жыры» және т.б.

Бұл еңбектерде Шоқан тек қазақ халқының ғана емес, жалпы түркі-моңғол халқының тарихи жәдігерлері: олардың шығу тегі, тарихи деректері, мәдени ерекшеліктері, тәңірлік түсініктері, шамандық дәстүрлері, Ру құрылымы, халық күнтізбелері, хандар, космогониялар, наным-сенімдер жүйесі, қазақ ортасындағы мұсылман құқығы, шежірешілер, қариялар, аңыздардың мазмұны, атақты адамдар, рухани құндылықтар және т. б. туралы көп әрі тиянақты ізденді [3, 15 б.].

Ш.Уәлиханов – деректану ғылым саласына зор үлес қосқан қазақтың тұңғыш деректанушы ғалымы. Ол аңыз - әңгімелер мен жыр-дастандардың ауызша деректер тобына жататындығын дәлелмен анықтап берген. Деректану ғылымы тарихи деректерді іздеуден, оларды жүйелеуден және жариялаудан басталады десек, бұл ретте Ш.Уәлиханов жоғарыда аталған қазақ-қырғыз халықтарының тарихына жататын деректерді орыс тіліне аудару және жүйелеу арқылы оларды ғылыми айналымға енгізу және іздеу саласында үлкен істер атқарды.

Деректерді талдауға қойылатын басты талаптардың бірі - ол деректі материалды тарихи принцип бойынша, сонымен бірге оны қоршаған әлеуметтік ортамен тығыз байланыста талдау болса, бұл туралы Шоқан Уәлиханов: "XVIII ғ. жүз жылдық басқыншылықтың ауыр зардаптары және ішкі дағдарыстың қайғылы кезеңдері болды. Бұл кезде туған аңыз-жырлардың мазмұны қасіретті шерге толы. Мейірімсіз жау оларды ата-мекенінен ысырып, қазақтар мен ноғайларды екі айырды... Қазақ пен ноғайлардың жылап айырылысуы, сол кездегі аңыз-дастандарда, күйші қобызда ойнаған күйлерде өшпес із қалдырды",-деп жазды. Егер деректану ғылымында кез-келген тарихи факт объективті дер болсақ, онда бұл

жолдардан ғалымның өзі айтқан уақытта жасалған деректердің объективті шарты жоңғар шапқыншылығы екені анық. Тарихи деректер тек объективті ғана емес, сонымен қатар субъективті, өйткені тарихи дереккөздерде осы субъектілердің қолтаңбалары, олардың әлеуметтік жағдайы, әлемге деген көзқарасы және т. б. сақталған. Ол туралы Шоқан: "сол заманда туған қазақ жыр-дастандары қаншалықты мұнды болса, қалмақ дастандары да соншалықты жақсы көңіл күйде шырқалды",-деп жазады. Бұған дәлел - көптеген ұрпақтардың жүрегін ауыртып, қан жылатқан "Елім-ай" әні.

Ауызша деректер тобына жататын аңыздармен, поэмалармен қатар Ш.Уәлиханов жазбаша деректер туралы өз пікірін білдіріп, олардың деректік маңызын көрсетті. "Күмән жоқ, қазақтар туралы ең алғаш дерек Березин бастырып шығарған «Жылнамалар жинағында» кездеседі (қазан, 1854). Осы басылым-қазақтардың өткені туралы ең құнды, алғашқы жазба ескерткіш. Мұнда нақты тарихи деректер аз болғанымен, қазақ хандары мен сұлтандарының ата-тегі бар дей келе, қазіргі қолда бар деректерді ел аузындағы аңыздармен, ноғайлармен қарым-қатынасы жайлы орыстың елшілік актыларымен, Жалайридің «Жамиғ-ат тауарихымен» салыстырған жөн деп зерттеушілерге кеңес береді [4, 52-53 бб.].

Сондай-ақ, Ш. Уәлиханов И.Н. Березиннің "Хан жарлықтары" атты еңбегіне сыни пікір жазып, бұл оның алғашқы ғылыми еңбегі болды. Қадырғали Жалайырдың "Джами ат - тауарих" еңбегінің негізгі тарауларын алғаш рет орыс тіліне аударып, түсіндірме берді және аудармаға қосымша шығыс терминдерінің сөздігін жасады. Бұл шығарманы көп кездеспейтін тарихи шығарма, XV-XVI ғасырлардағы қазақтардың тарихи аңыздарының жинағы ретінде бағалады.

Ш.Уәлиханов бірнеше шығыс және еуропа тілдерінде жақсы сөйлеген. Осының арқасында ол Орта Азия мен Қазақстан халықтарының географиясы мен тарихына қатысты ежелгі дереккөздерді түпнұсқада оқуға мүмкіндік алды. Ол ұзақ уақыт және тиянақты қарастырған парсы, араб, түрік тілдеріндегі дереккөздер оған жақсы таныс болды. Кейіннен Ш.Уәлиханов өз еңбектерінде пайдаланған аса белгілі «Бабырнама», «Тарих и Рашиди», «Тазкира и Ходжаған» деректерін зерттеп, қарастырды [5, 13 б.].

Ш.Уәлихановтың қазақ деректерімен қатар басқа да деректерді өзінің ғылыми пайымдарын дәлелдеу мақсатында кеңінен қолданғаны туралы оның мынадай жазбалары дәлел бола алады: - «Қазіретті Иакинфтің (Н. Я.Бичурин - К. А.) Сібір қазақтары болмашы бір қалмақ ұрпағы болыпты деген пікірінің теріс екендігін дәлелдеп жатудың да қажеті жоқ. Қазақтардың недәуір күшті және жоңғарларға ешбір қатысы жоқ, мүлде басқа халық екендігі Сібір жылнамаларынан анық көрініп тұр».

Тарихи деректердің түрлі топтарымен қатар, Ш.Уәлиханов дербес деректерге де талдау жасап, өз бағасын берді. Мысалы, қырғыз халқының баға жетпес қазынасына, ұлттық мақтанышына айналған "Манас" туралы: «Алатау қырғыздарының поэзиялық ең басты және жалғыз десе де болғандай данышпандық халық шығармасы «Манас туралы» дастан екені күмәнсіз. «Манас» - бір кезеңге және бір адамның – «Манас» батырдың төңірегіне топтастырылған барша халық ертегілерінің хикаялары мен аңыздарының, география, дін, мәдениет және әдет-ғұрып жөніндегі түсініктердің энциклопедиялық жинағы. «Манас» - бүтін бір халықтың шығармасы, соның көп жылдық творчествосының жемісі – тіпті Илиадасы десе де болғандай»» [4, 53-54 бб.], – дейді.

Осылайша, жоғарыда келтірілген дәлелдер Шоқан Уәлиханов - тарихи деректердің деректанулық "сынын" жүргізу қажеттігін түсінген, деректердің әртүрлі топтарының ерекшелігін, олардың ғылыми маңыздылығын көрсеткен, деректерді ғылыми негізде кәсіби түрде талдай білетін алғашқы қазақ деректанушы ғалымы деп айтуға мүмкіндік береді.

Қорыта келе, қазақ халқы тарихтағы қиын жағдайға қарамастан, рухани қазынасын жоғалтпады. Шоқан Уәлиханов осынау бай мұраның жинаушысы, білгірі, келесі ұрпақ үшін оның тасымалдаушысы болды. Ол қоғамдық ортаға, тарихи әдеби мұраға баға бере отыра, үнемі ғылымға, ақиқатқа бет бұрды. Сондықтан ғалымның ойының тереңдігіне, оның пікірінің дәлдігіне көз жеткізу үшін әркімге білім, азаматтық өлшем қажет.

Қазақтың ұлы жазушысы Ғабит Мүсірепов: «Шоқанның ұлылығы соншалықты, біз оны енді ғана түсіне бастадық, Шоқанның ойлары, еңбегі, армандары мен тілектері біздің еліміздің тарихымен, соның ішінде кешегі, бүгінгі, ертеңгі мәдени өмірмен, көркемдік өрістермен тікелей байланысты», - деп Шоқан Уәлихановқа үлкен құрметпен баға беріп, тарихтағы алар орнын айқындаған болатын.

Ғалымның әдеби мұрасын ғылыми зерттеу тек бір дәуірге ғана емес, сонымен қатар келер ұрпаққа да тиесілі. Оны сан дәуірде қаншама ұрпақ өкілдері ынталана оқып, өз білімін айқындап, керегіне жарататыны сөзсіз. Осылайша, Ұлы даланың ұлы перзенті өзінің ұрпақтарына мәңгілік мұра қалдырды. Ендігі келер ұрпақ Шоқан салған сара жолмен жүріп, қазақ тарихын зерттеуге өзіндік үлесін қосатын, дарынды тарихшы, үлгі тұтарлық тұлғалар болар деген сенімдеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақтар. Тарихи тұлғалар. Көпшілікке арналған тоғыз томдық анықтамалық. II том. – Алматы: «Қазақстан даму институты», 1998. -533 б.
2. Есімов Қ. Қазақстан тарихы деректануы. – Қарағанды: «Қостанай университеті», 1999. - 190 б.
3. Архыматаева А.Ж., Аханова Б.Ж. Ш. Уәлиханов жазбаларындағы ұлттық тарихитаным мәселелері. «Ш.Ш. Уәлиханов мұрасы әлемдік тарих контекстінде» халықаралық ғылыми форумы материалдары. – Семей, 2010 – 101 б.
4. Атабаев Қ. Деректану: Оқу құралы. -Алматы: «Қазақ тарихы», 2007. -272 б.
5. Абай. Энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, «Атамұра» баспасы, 1995. – 720 б.

Обзор средневековых археологических памятников Павлодарского Прииртышья

Куриц Д.В.

Научный руководитель: к.и.н., доцент Кузембаев Н.Е.

Павлодарский педагогический университет

Павлодарское Прииртышье богато на археологические памятники эпохи средневековья, преимущественно они представлены погребальными памятниками в форме могильников и мавзолеев.

К числу уже изученных на территории Павлодарской области средневековых археологических памятников, относятся:

В Экибастузском районе: курганная группа Жынгылды, обнаруженная краеведом П.И. Оноприенко, могильник Керегетас II, выявлен и обследован в 1987 г. разведочным отрядом археологической экспедиции КарГУ (И.В. Рудковский, А.Ю. Чиндин), могильник Майсон I, поминальные ограды Нурмамбет обследованы в 2007 г. разведочным отрядом ПАЭ (В.К. Мерц), курган Шолпан 3 выявлен и обследован в 1991 г. разведочным отрядом Павлодарской археологической экспедиции (В.К. Мерц, А.А. Ткачев) [1, с. 152-241].

У села Акжар и низовьях р. Силеты были найдены остатки городища и мавзолеев XIV-XVI веков. Один из мавзолеев местные жители называют Кызыл-оба или Урусмола [1, с. 25]. Возможно, название памятника сможет в будущем пролить свет на личность погребенного.

Курган кыпчакского времени раскопан в могильнике Тасмола 4 в 50 км северо-западнее г. Экибастуза. Погребение сверху перекрыто деревянным сооружением типа «ящика» без дна [2, с. 248].

В погребении были найдены две монеты, одна из которых была положена в рот покойнику, другая лежала у кисти левой руки. Датируется погребение первой половиной XIV века. [2, с. 248]

В Актогайском районе у бывшего совхоза «25 лет Октября» было найдено в 1959 г. погребение богатой женщины. Вместе с ней в могилу были положены следующие вещи: